

**ҚР сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің
Маңғыстау облысы бойынша
Департаментінің басқарма
басшысы
Қ.О.Байгебаевқа**

АҚПАРАТ

«Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының (алға қарай – Қоғам) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қорытындысымен жасалған анықтама бойынша іс-шаралар жоспары жасақталып, бірқатар жұмыстар атқарылды.

Ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында, Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің 226 тармағына сәйкес, Қоғамның сайтына толық зерделеу жүргізіліп, есептер мен мемлекеттік сатып алу жоспарлары жарияланды.

Қоғамның жалғыз акционері Маңғыстау облысы бойынша Қаржы басқармасы мемлекеттік мекемесіне, 28.07.2021 жылы №01-06-616 шығыс санымен, Басқарма Төрағасы Қ.С.Берішбаевты тағайындаудың негізділігін, Жарғыды Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау немесе тағайындаудың тәртібінің бекітілмегендігі және 2020 жылдың қаңтар айынан 2021 жылдың ақпан айында дейін Қоғамның Басқарма Төрағасының қызметін атқарған, облыс әкімінің бірінші орынбасары А.М.Меңдібаевтың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлануының негізділігін анықтап беру жөнінде хат жолданды.

Негізсіз төленген сыйақыларды ерікті түрде қайтару жөнінде 14 адамға ескерту беріліп, жауаптары күтілуде. Егер сыйақы алған жұмыскерлер мен бұрынғы жұмыскерлер өз еріктерімен сыйақыны қайтармаған жағдайда, сот арқылы мәжбүрлеп өндіру мәселесі қаралып, жасалған жұмыстар қосымша хабарланатын болады.

Сонымен қатар, жұмыскерлерге сыйақылар мен материалдық көмек көрсету кезінде заңдылықтардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында,

Басқарма Төрағасының 27.07.2021 жылғы №59-ө «Жұмыскерлерге сыйақылар мен материалдық көмек тағайындау жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» бұйрығымен Комиссия құрылды.

25.12.2007 жылғы «Каспий» ӘКК» ҰҚ» АҚ Басқарма шешімімен бекітілген «Каспий» ӘКК» ҰҚ» АҚ-ның ішкі персоналын іріктеу туралы» Ережесіне өзгерістер енгізу мақсатында қайта қаралуда.

Қорытындысымен, аталған Ереже түбегейлі өзгертіліп, ішкі персоналдарды іріктеу кезінде конкурстық негіздерді қолдану мәселелері қарастырылатын болады.

Еңбек шарты тоқтатылған жұмыскерлермен 3 күн ішінде есеп айырысу жұмыстарын жүргізбей, ҚР Еңбек кодексінің 113 бабының талаптарының бұзылуы фактілері бойынша, Басқарма Төрағасының 26.07.2021 жылғы №53-ө бұйрығымен комиссия құрылып, ішкі тексеру жүргізіліп, орын алған теріс қылықтар бойынша тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзімінің өтуіне байланысты жұмыскерлерге тәртіптік жаза қолдануға мүмкіндік болмады. Дегенмен, алға қарай кемшіліктерге жол бермеу мақсатында, Басқарма Төрағасының 06.08.2021 жылғы №136-ж/қ «С.А.Шакироваға шара қолдану туралы» бұйрығымен, Бухгалтерлік есеп, қаржы және жоспарлау департаментінің директоры С.А.Шакироваға қатаң ескертілді.

Дербес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру, штат кестесіне өзгеріс енгізу жөніндегі мәселе 25.08.2021 жылы өткізілетін Директорлар кеңесінің күн тәртібіне енгізілді. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша нақты шаралар алынатын болады.

Қоғамның қауіпсіздік қызметінің маманымен, Қоғам мен оның еншілес кәсіпорындарында жұмыскерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Басқарма Төрағасының кеңесшісі С.И.Ниязовқа 01.07.2021 жылы ескерту беріліп, 10.07.2021 жылдан бастап онымен жасалған келісім шарттың күші жойылды. Қазіргі таңда төленген қаражатты қайтару жөнінде мәселе қаралуда.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім шарттар бойынша жұмыскерлермен атқарылған жұмыстар жөніндегі акттер Р-1 Нысанға сәйкестендірілді.

30.07.2021 жылы Маңғыстау облысының қаржы басқармасына және Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына, Қоғам арқылы Жобалық кеңсені алға қарай қаржыландырудың негізділігі қарау туралы №01-07-628 хат жолданды.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары А.М.Меңдібаевтың атына 30.07.2021 жылы жоғарыдағы мәселені шешуге ықпал ету жөнінде 01-07-629 хат жолданды.

Хаттардың қаралу қорытындысымен қосымша ақпарат жолданатын болады.

Бұдан басқа, Р.Т.Гурбановқа азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде 2020 жылдың қараша және желтоқсан айларына еңбекақы төленген.

Қазіргі таңда жасалған шарт әрекет етпейді және Р.Т.Гурбановтың атқарылған жұмыстар жөніндегі акті Р-1 нысанына сәйкестендірілді.

Басқарма Төрағасының 27.07.2021 жылғы №56-ө «Комиссия құру туралы» бұйрығымен, «Аруана» Жобасының іске асырылуына және «Қарағантүбек» ЖШС-нің қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізуге комиссия құрылды.

Комиссия құрамымен «Аруана» Жобасы аясында сатып алынған түйелерге ішінара қарау жүргізілді.

Басқарма Төрағасының 16.07.2021 жылғы №50-ө бұйрығымен «Аруана» жобасының іске асырылуына және аяғына дейін жеткізілуіне жауапты жұмыскерлер бекітілді.

Қазіргі таңда аталған Жобаның жүргізілуіне жауапты болған маманмен еңбек шартының тоқтатылуына байланысты, Жобаның іске асырылуы барысында жіберілген кемшіліктерге (қадағалаудың болмауы, құжаттардың жинақталмауы т.б) сәйкес тәртіптік шара қолдануға мүмкіндік болмады.

Қазіргі таңда, «Қарағантүбек» ЖШС-нің қаржы-шаруашылық қызметіне талдау жүргізу жоспарлануда. Нәтижесі қосымша ақпаратта хабарланатын болады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қорын қалыптастыру (алға қарай – ӘМАТ) бойынша займ алған кәсіпкерлерден қаражатты қайтаруға нақты шаралар қабылдануда.

Күні бүгінге 4 кәсіпкерден 93 000 000 теңге ақша қаражаты қайтарылды және 7 кәсіпкерден 146 904 450 теңге қаражатты мәжбүрлеп өндіру шаралары жүзеге асырылуда.

Маңғыстау облысы әкімінің 06.08.2021 жылғы №77-ө «Маңғыстау облысы әкімінің 2021 жылғы 10 сәуірдегі №37-ө «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясын құру туралы» өкіміне өзгерістер енізу туралы» Өкімімен аталған комиссияның құрамы өзгертіліп, «Берекет-Ф» ЖШС-нің директоры З.Фаталиева комиссия құрамынан шығарылды.

Басқарма Төрағасының 16.07.2021 жылғы №50-ө бұйрығымен ӘМАТ-ның қорын қалыптастыру жобасына жауапты жұмыскерлер бекітілді.

ӘМАТ-ы ретінде алынған тауық жұмыртқаларының бүліну фактісіне байланысты ішкі тексеру жүргізіліп, сол уақытта жауапты болған мамандармен еңбек шартының тоқтатылуына байланысты тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдануға мүмкіндік болмады.

Займ ретінде берілген қаражаттардың қайтарылмауы және келісім шарттағы талаптардың орындалмауы фактілеріне байланысты ішкі тексеру жүргізіліп, нәтижесімен Жобаларды басқару департаментінің директоры Л.Б.Тұрақбаеваға, Басқарма Төрағасының 20.08.2021 жылғы №148-ж/қ «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер мен займдар беру кезінде ұсынған кепіл мүліктерінің бағаланылуының нақтылығын анықтау алгоритмі жасақталып, сол бойынша жұмыстар жүргізілуде. Яғни, кепілге ұсынылған

мүліктерге комиссиямен қарау жүргізіліп, бағалау қорытындысымен салыстырылып отырылады.

Басқарма Төрағасының 27.07.2021 жылғы №57-ө «Комиссия құру туралы» бұйрығымен, «Каспий» тұщытқыш зауыты» ЖШС-не тапсырма беріліп, пайдаланылмай тұрған 2 су жинау резервуары өнім беруші «Самрук Строй Сервис» ЖШС-нің қаражаты есебінен қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді.

«Индустриальный парк Мангистау» ЖШС-мен ішкі тексеру жүргізіліп, Серіктестіктің бас техникалық жетекшісі М.Ж.Калакановаға заңсыз төленген 42 500 теңге сыйақыны оның еңбекақысынан ұстау арқылы қайтару туралы шешім қабылданып, директордың 16.07.2021 жылғы №01/к-162/л бұйрығымен Серіктестіктің кадр жөніндегі маманы А.М.Сүлейменоваға «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

«Каспий» ӘКК» АҚ
Басқарма Төрағасы

Қ.С.Берішбаев